



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

1-2 дәріс

**Адамзат дамуының тарихындағы
этнопедагогикалық идеялар генезисі (тегі)**

Алматы 2022

Қазақ халық педагогикасы (қазақ этнопедагогикасы) - нысанды ақиқат заңдылықтарын бейнелейтін, дәлелді теориялық жүйеде түзілген ілімдердің философиялық қисынды құрылымын көрсететін, яғни халық педагогикасы мен ұлттық педагогикалық өнегелерді зерлеп, дәлелдеп баяндайтын ғылым.

студент-жастарға халық педагогикасының қыры мен сырын, ғылыми негіздері мен тәлімдік мәнін ғылыми педагогикалық тұрғыда игерудің теориясы мен әдістемесін меңгерту мәселесімен этнопедагогика пәні айналысады.

Этнопедагогиканың зерттеу объектісі

Халық педагогикасы. Халық педагогикасы халықтардың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиелеу тәсілдеріне негізделген бай тәжірибесінің эмприкалық жиынтығы.

Этнопедагогика пәнінің мақсаты

халықтық салт-дәстүрді, ұлттық өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қастерлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін жан-жақты жетілген, саналы, намысқой азамат тәрбиелеуде қарастырылады.

"Этнос" (ру, тайпа, ұлт) және "педагогика" (оқыту, тәрбиелеу, дамыту туралы ғылым) сияқты екі сөзден құралып, «этнопедагогика» деп аталатын бұл ғылым - белгілі бір ұлттың (нақтылай алсақ, қазақ ұлтының) ғасырлар бойы өмір тәжірибелері арқылы жасаған тәрбиелік, дүниетанымдық тарихи құндылығы болып табылады

Этностар мәдениетін зерттеу ісімен ғылыми-методология айналысады.

Әдіснама (методология) - ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесі логикалық (қисындық) құрылымы, әдіс-тәсілдері, зерттеу негіздері жөніндегі ілім.

Этностар өзінің өмір сүру кезеңінде нақтылы тарихи жағдайларға (оның ішінде қоғамдық құрылыстардың да) байланысты бірнеше рет өзгеруі мүмкін. Этностар орта есеппен 1200-1500 жыл өмір сүреді. Бірақ ол түрлі географиялық, экономикалық, әлеуметтік жағдайларға байланысты бірде ұзақ, бірде қысқа болуы ықтимал.

Жеткілікті географиялық жағдайға бейімделмеген тіршілік иесі (оның ішінде адам да) басқа жаққа ауып кетуі керек немесе өліп, жоғалып тынады. Тіршіліктің жер бедеріне қарай икемделуін биология ғылымы қарастырады. Ал ол тірі организмде болатын биологиялық өзгерісті географиялық жағдаймен байланыстыра зерттейтін болғандықтан, зерттеушіге географиялық заңдылықтарды да жақсы білуі қажет. Этностардың жаратылысын география мен биология ғылымдарымен қоса, тарих ғылымы да тексереді. Себебі, этностар тарихы қоғам дамуымен тығыз байланысты. Біз этностарды, бір жағынан табиғаттың перзенті, биологиялық бөлшегі деп қарасақ, екіншіден, табиғи байлықтарды игере отырып, қоғамды құрушы күш деп білеміз. Қоғамның белгілі даму кезеңінде бір этностың пайда болып, өсіп өркендеуі, керісінше, қоғам заңдылықтарына орай, енді бірде оның жойылып, орнына екінші бір этностың пайда болуы мүмкін.

Этностар мәдениетін зерттеу ісімен ғылыми-методология айналысады.

Жеткілікті географиялық жағдайға бейімделмеген тіршілік иесі (оның ішінде адам да) басқа жаққа ауып кетуі керек немесе өліп, жоғалып тынады. Тіршіліктің жер бедеріне қарай икемделуін биология ғылымы қарастырады. Ал ол тірі организмде болатын биологиялық өзгерісті географиялық жағдаймен байланыстыра зерттейтін болғандықтан, зерттеушіге географиялық заңдылықтарды да жақсы білуі қажет. Этностардың жаратылысын география мен биология ғылымдарымен қоса, тарих ғылымы да тексереді. Себебі, этностар тарихы қоғам дамуымен тығыз байланысты. Біз этностарды, бір жағынан табиғаттың перзенті, биологиялық бөлшегі деп қарасақ, екіншіден, табиғи байлықтарды игере отырып, қоғамды құрушы күш деп білеміз. Қоғамның белгілі даму кезеңінде бір этностың пайда болып, өсіп өркендеуі, керісінше, қоғам заңдылықтарына орай, енді бірде оның жойылып, орнына екінші бір этностың пайда болуы мүмкін.

Мұнан басқа ұлттық ерекшеліктерді зерттейтін этнология, этнопсихология, этнопедагогика ғылымдары бар.

Ұлттың ұлт болуы үшін қажетті аумақтық, экономикалық, мәдени, психологиялық бірлікпен бірге, тілдік тұтастық басты және ең негізгі белгілердің бірі болып саналады. Белгілі бір этнос адамдарының жан дүниесіндегі мінез-құлық, сана-сезім (этнопсихологиясы) мен әдет-ғұрып, салт-дәстүр (этнологиясы) ерекшелігі ұрпақтан-ұрпаққа ана тілі арқылы жетеді. Ұлттық сана-сезімнің өсуі мен өшуі, бір жағынан, ана тілдің тағдырын анықтаса, екінші жағынан, ана тілдің даму дәрежесі ұлттық сана-сезім деңгейінің өлшеуіші болып есептеледі.

Этностар мәдениетін зерттеу ісімен ғылыми-методология айналысады

“Психология” атты оқу құралын қазақ тілінде жазып шыққан әдебиетші ғалым Ж. Аймауытов бұдан дәл 70 жыл бұрын “Тәрбиеге жетекші” деген еңбегінде: “Ана тілі – халық болып жаралғаннан бергі жан-дүниесінің айнасы, өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі... Жүректің терең сырларын, жанның барлық толқындарын тұқымнан-тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы - сол халықтың тілі” - деген болатын. Кезінде Ахмет Байтұрсыновтың да: “Сөзі (тілі) жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады”, - деген ұлағатты ойы бүгінге дейін мән-мағынасын жоғалтқан жоқ. Бүгінде “мәңгірттер” делініп жүргендердің пайда болуы сол тіл саясатының әлсіздігінің жемісі екенін ұмытуға болмайды.

Ұлттық тәлім-тәрбиені (этнопедагогиканы) іске асыратын ұлттық тіл (этнолингвистика) екені, ал оның ұлттың ішкі жан дүниесімен, сана-сезімімен байланысты (этнопсихологиямен) жүргізілетіні көпке аян. Этнолингвистика тілді этносқа қатысы жағынан зерттесе, психолінгвистика оны адам психологиясына, ал социолінгвистика қоғам дамуына қатысы тұрғысынан қарастырады.

Этнолингвистика диалектология, фольклористика, этнология, культурология, мифология сияқты ғылымдармен де байланысты. Себебі, бұлардың қай-қайсысы болсын, этнос табиғатын ашуға қызмет етеді және олардың зерттеу нысаны да ортақ.

Ал философия – ғылымдардың ғылымы, барлық ғылымдарды зерттеудің әдіс-тәсілдерін жинақтаушы, этностың болмыс-бітімімен байланысты мәселелердің басын біріктіріп, методологиялық тұрғыда талдау жасайтын алтын дiңгек iспеттi. Демек, этнос бұлардың бәрінің бір-бірімен тоқайласатын “мама ағашы”, бәрінің “түйісу нүктесі” болып табылады



Тарихи-педагогикалық зерттеулерге (оның ішінде этнопедагогикалық зерттеулерге де) қойылатын маңызды методологиялық талаптардың бірі деректердің барлық түрін кешенді пайдалану, солар арқылы бір-бірін тексеру, толықтыру, барлық деректерді салыстыра отырып жинақтау, оларды зерттеуде шектес ғылымдардың (антропология, тарих, этнология, фольклористика, логика, психология, социология, археология) зерттеу әдістер жиынтығын кешенді түрде пайдалану, сөйтіп, деректерді талдап, педагогикалық тұрғыда түсіндіру қажет.

“Этнос” гректің – *ethnos* — тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда “халық” терминінің орнына “этнос” термині орынды қолданыла бастады. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі – “тайпа”, “ұлыс” (“народность”), “ұлт” ұғымын түгел қамтиды. Оның үстіне, “халық” сөзінің “бір топ адам” (мәселен, “халық жиналды” десек) деген мағынасы бар екені белгілі. Сондықтан “этнос” терминін қолдану қолайлы. Адам ұжым болып тіршілік етеді. Оған әлеуметтік бірлестік деп те, этностық бірлестік деп те қарауға болады. Шындығында, әрбір адам, бір жағынан, белгілі бір қоғамның мүшесі бола отырып, сонымен бірге ұлттың (этностың) да мүшесі болып саналады.



Л.Гумилев “этнос” туралы соңғы уақытқа дейін әр түрлі түсінік-анықтамалардың болғанына тоқталады. Айталық, біреулер “этнос дегеніміз — шығу тегі бір халықтар” десе, екіншілер “этнос — тілдің бірлігіне негізделген мәдениеттің тууы” дейді. Ал үшіншілері “этнос — бір-біріне ұқсас адамдар тобы” десе, төртіншілері “этнос - сана-сезімдері бір адамдар тобы” дейді. Бесіншілері “этнос” - белгілі бір қоғамдық формациядағы адамдардың шартты түрде топтасқан тобы” десе, ал алтыншылары “этнос — табиғаттың сыйы, этнос — әлеуметтік категория” дейді.

Лев Гумилев: “Этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік ортаның білігінде жатқан салт- дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы”

“Этнос мүшелерінің мінез-құлық құрылымының бірізділігі қарым-қатынас нормасына негізделген.

жеке адам мен
ұжымның
арақатынасына

жеке адамдардың
өзара қатынасына

этникалық
топтардың
арақатынасына

этностар мен
этникалық топтар
арасындағы
қарым-қатынасқа
құрылады

“этнос” дегеніміз белгілі бір жүйеге негізделген мінез-құлық, іс-әрекеті бірыңғай топ-ұжым

Кез келген халықтың пайда болуы және қалыптасу тарихы – өте ұзақ та күрделі процесс. Қазақ халқы негізінен, республиканың қазіргі жерін мекендеген автохтонды (байырғы) тайпалардан қалыптасты және олардың этногенетикалық құрылыстарының түп тамырлары сонау қола дәуіріне, андронов мәдениеті деп аталатын көне кезеңге (б.з.б. XVIII-VIII ғ.ғ.) саяды. Егер сол көне дәуір ескерткіштеріне, айталық, қыш ыдыстардың ою-өрнегіне көз салып, қазақстанның қазіргі уақыттағы ою-өрнегімен салыстырсақ, онда олардың көптеген ұқсастықтары мен ортақ үлгілерін табуға болады. Ертедегі темір дәуірінде (б.з.б. VII-IV ғ.ғ.) Қазақстан жерін сақ тайпалары – массагеттер, аргинейлер, дайлар, исседондар т.б. мекендеген. Археолог – ғалым К.А. Акышев осы кезеңге жатқызатын Есік обасынан табылған “хайуанаттық нақышта” шекілген алтын әшекейлері бар жауынгердің киімі ежелгі сақ шеберлерінің ғаламат өнерін көз алдымызға әкеледі. Тап осындай ою-өрнек белгілері қазақтардың қазіргі қол өнерінде де кеңінен қолданылады. Мұның өзі бұл өнердің ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, біздің дәуірімізге жеткен дәстүр екенін дәлелдейді” – дейді

“Қазақ” деген терминнің шығу тегін, мән-мағынасын этимологиялық тұрғыдан қарастырсақ, ... ол жөніндегі бұрын-соңғы болжамдар мен тұжырымдарды мынадай үш салаға бөлуге болады:

1. Қазақ халқы арасына тараған тарихи аңыздардың айтуынша “қазақ” деген сөз “қаз” атауынан пайда болған деп есептейді.

2. “Қазақ” деген сөздің көне түркі тіліндегі мағынасы, яки қолданылу дағдысы “өз елінен бөлініп шығып, еркін жүрушілер”, “ер жүрек еріктілер”, “көтеріліс жасап, өз еркімен кетушілер” деген мағыналарды білдіреді. Демек, “қазақ” атауының арғы тегі “еріктілер” дегеннен шыққан дейді.

3. “Қазақ” атауының арғы тегі ежелгі заманда қазақ даласын мекендеп, қазақ құрамына енген тайпалар мен халықтардың аттарынан: сақ, каспи, қазар, аз дегендерден, яки осы негізде өзгере қалыптасқан дейді

Халық педагогикасы

Е.Л.Христова «халықтың таптық педагогикалық санасы» деп, ал «дәстүрлі педагогиканы – белгілі ұлттық педагогиканың санасы»

Г.С.Виноградов «білім мен дағдылар жиынтығы», -яғни халық педагогикасын педагогикалық теория емес, педагогикалық практика, халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесі»

Г.Н.Волков «Этнопедагогика – халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым. Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді... Халық педагогикасы – халықтың ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасы – халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіскұралдардың, тәсілдердің, жиынтығы мен өзара байланысы» дей келе, «...Бұл білім мен мағлұматтар, әдетте, ауызша таралады. Оның зерттеу тақырыбы – тәрбие, ал тәрбие объектісі – адам, тұлға»

**Этнопедагогика – педагогика ғылымының негізі.
Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады:**

**халықтың ауыз әдебиеті мен
салт-дәстүрлері**

– барлық ғылыми қауымдастықтар мойындаған,
жаңа ғылыми зерттеулер үшін негіз бола алатын
ғылыми жетістіктер жиынтығы

**ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу
мәдениетіндегі көрінісі**

педагогикалық қауымдастықтың
қабылдаған теориялық,
дүниетанымдық алғышарттарының
жиынтығы.

Қазақ этнопедагогикасының (қазақ халық педагогикасының) әдіснамалық негіздері ұлттық тәжірибелерді зерттеуден туындайды. "Баланы тәрбиелеуде біз халық тәжірибесіне сүйенеміз" дейді ертедегі грек философы Аристотель. Ал халықтың тәжірибелері оның арғы тегіне, халық болып қалыптасуына, тұрмыс-тіршілігінен бастау алады.

«Халықтық педагогика, - делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жәніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, семья тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады... Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және әндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру» (ХІ том, Алматы, 1977, 591-бет.

Профессор С.Қалиев қазақтардың шығу тегіне байланысты тарихшы ғалым Л.Гумилевтің: "Қазақтар - түрік, монғол, үнді-иран тектес, Қазақстан территориясында тіршілік еткен Еуразия далаларының көшпелі үштігінен тараған сақ, ғұн, үйсін тайпаларының қосындысынан құралған ежелгі халық" деген тұжырымын мысалға келтіріп, "Қазақ халқы негізінен, республиканың қазіргі жерін мекендеген автохтонды (байырғы) тайпалардан қалыптасты және олардың этногенетикалық құбылыстарының түп тамырлары сонау қола дәуірінде, андронов мәдениеті деп аталатын көне кезеңге (б.з.б. XVIII-VIII ғ.ғ.) саяды" - дейді. (Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. -Алматы. 1998 ж. 16-бет.).

*Қазақ этнопедагогикасы - ұлттық тәлім-
тәрбиенің қайнар бастауынан бастап, осы уақытқа
дейінгі болмысты айқындап, оның болашағын
белгілеп берген ғылым*

Тарихи түп негіздері анықталған қазақ халқының этнопедагогикалық негізі - ұлттық тәжірибелер екендігін немен дәлелдеуге болады? Білге хан мен Күлтегінге арналған ескерткіштен (тас жазуынан) басталатын қазақтың тарихи тегін зерттеу ғылыми тұжырымдары түрік тектес қазақ халқының тарихи, этнографиялық, этностық, тұрмыс-салттық белгілерін айқындап берді

Қазақ халқының тарихи болмысы *мал өсірумен, егіншілікпен, қолөнерімен, аң аулаумен, ел қорғаумен* байланысты

Қазақ халқы төрт түлік малды "киесі" бар, "иесі бар" қасиетті жануарлар деп, "ойсыл қара" тұқымы-түйені, "Қамбар ата" тұқымы-жылқыны, "Зеңгібаба" тұқымы-сиырды, "Қошқар ата" тұқымы-қойды, "Шекшек ата" тұқымы-ешкіні бағып-қағуда, олардың өнімдерін пайдалануда есепсіз тәжірибелер жинап, ол тәжірибелерді ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты пайдаланған, пайдаланып келеді

Қазақ халқының өмірлік, тұрмыстық тәжірибелері егін шаруашылығымен де байланысты. Соңғы заманда егін шаруашылығының құт мекені болып, тың игерушілердің іс-тәжірибелерімен "миллиард пұт" астық жинаған шаруалардың мақтанышы болған қазақ жерінде егіншілік пен бақша өсіру ертеден бастау алады.

Қазақ халқының **қол өнері**: зергерлік өнер, кілем тоқу, киіз басу, алаша тоқу, түс киіз басу, текемет басу, сырмақ жасау, қару-жарақ жасау, қыш құю өнері бәрі де ертеден бастау алған ұлттық кәсіп болып табылады.

Қол өнері мен **сәулет өнері** арқылы халық ұлттық тәжірибелерін ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты қолданып, "Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ", "Шебер ісін сүйеді, тастан түйін түйеді", "Зергердің қолы - алтын қол" деп түйіндейді. Әлемшарға белгілі қазақ ою-өрнектері, "Бекет ата", "Айша бибі", "Қарахан", "Ахмет Яссауи" сияқты атақты ғимараттардан көрінген сәулет өнері - қазақ халқының сәулет өнері де ұлттық тәрбиеге (этнопедагогикаға) әсері зор құбылыстар екенін көрсетеді.

Этнопедагогика ғылымын зерттеу жұмыстарымен кейінгі кезде кәп ғалымдар айналысып жүр. Олардың қатарына С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева, С.Ғаппасов т.б. Осы анықтамаларды талдасақ, этнопедагогиканың өзіндік ерекшеліктері айқындалады

Этнопедагогика ғылымы педагогика ғылымынан бұрын қалыптасып, халықпен бірдей жасасып келеді.

Ертеде қалыптасқан сөз шеберлігінің ауыз әдебиеті арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп іске асуы. Мысалы, Қорқыт ата туралы аңыз

Этнопедагогика ғылыми зерттеу объектісі ғана болып қоймай, педагогикалық теорияның, әсіресе отбасындағы теорияның дамуына әсерін тигізді

Халықтың адам дамуына әсер ететін факторларды толық түсіне алмауы: а) тұқым қуалаушылыққа сенбеуі – адамның маңдайына жазуына байланысты деп түсінуі (құдай қосты мен көндім); ә) оқуға бермеуі, құран үйретуі; б) орта туралы халықтың өз кәзқарасының болуы «ұлың әссе ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың әссе қызы жақсымен ауылдас бол»

Арнайы білімі жоқ болса да халық балалардың психологиялық ерекшеліктерін жақсы білген

Этнопедагогикада нақты заңдармен жүйеленген білім, ғылыми ұғымдардың жоқ болып, халық даналығының терминологиясында жергілікті диалектілер, ырым-жоралардың таңба болып қалуы

Халықтық педагогиканың шығармашылық негізі – оның ұжымшылдығы. Мысалы, тәрбие туралы нақты сөздер жеке адамның емес, бүкіл халықтың ұжымдық шығармашылығы. «Әнерлі жігіт әрге озар, әнерсіз жігіт жер соғар». «Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады»

Халық шығармаларының өмірмен, тәжірибемен тығыз байланыстылығы. Мысалы, жануарлар туралы ертегілер

Қоғамдық мәдениеттің ең асылын әзіне сіңіреді: үлкенді сыйлау; ата-ене құрметі; қонақжайлылығы; кішіпейілділігі

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің әдіснамалық тірегі - ұлттық әдебиет, салт-дәстүрлер және тәлімдік өнегелер.

<p>1. Ауыз әдебиеті - тәрбие құралы</p>	<p>Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері - мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол - ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.</p> <p><i>Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды дамытып, ұлттық тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық құндылықтар.</i></p>
<p>2. Қазақ халқының тілі, ділі, салт-дәстүрлері</p>	<p>Көне түркі жазба ескерткіштері, кейінірек нұсқа болып, бізге жеткен қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер ("Кодекс Куманикус"), одан кейінгі қазақ тілінің түрік тілдерінен даралана (өз ерекшеліктерімен өзгеше дамуы байқалған) бастауы кезінде пайда болып, этнопедагогика тарихында алтын арқау болып қалған. "Қорқыт ата кітабы", әл - Фарабидің 200 кітаптық еңбектері, Қожа Ахмет Яссауидің "Диуани хикмат" ("Даналық кітабы"), Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" ("Түрік тілінің сөздік кітабы") одан кейінгі ұлы тәлімгер Мұхамед Хайдар Дулатидың "Тарихи Рашиди", "Жаһаннама" кітаптары - қазақ тілінің және этнопедагогикалық ойдың дамуын көрсететін тарихи құндылық болып табылады.</p>
<p>3. Қазақ тілі - қазақ ұлтының ұлттық тілі, Қазақ Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады</p>	<p>Қазақ тілінің жазу мәдениетінде руна жазуы, араб жазуы, латын жазуы, кирилица жазуы тарихи кезеңдерге байланысты өз кезінде пайдаланылды, соңғы жазу - кирилицаны (1940 жылдан бері қазақ тілі жазу мәдениетінде) ұлт оны өзінің ана тіліне лайықтап, қазақ тілі емлесі ретінде пайдаланып келеді.</p>

Білім беру парадигмалары

<p>Ұлттық тәлім-тәрбиелік ойлар тарихы қазақ этнопедагогикасында</p>	<p>Күлтегін тас жазуынан басталып, ХІХ ғасырдағы Абай, Ыбырай, Шоқандардың халық ағарту ойларымен, ХХ ғасырдағы Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы тұлғалардың еңбектерімен жалғасады.</p>
<p>Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздерін сөз еткенде соңғы 20-30 жылда осы ғылымды жан-жақты зерттеп өздерінің <i>ғылыми тұжырымдарын</i> жасаған:</p>	<p>С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Ж.Наурызбаев, С.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Н.Сәрсенбаев, Қ.Наурызбай т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз. Профессор С.Қалиев қазақ этнопедагогикасының теориясы мен тарихын жазды, профессор Қ.Жарықбаев ұлттық этнопедагогикалық ойлар тарихын ғылыми түзді, ғалым К.Ж.Қожахметова қазақ этнопедагогикасының зерттеу жүйесін, Ә.Табылдиев қазақ этнопедагогикасының ғылымдық, пәндік мәнін айқындап, оқу бағдарламасын түзіп, оқу құралын жазып, оқыту жүйесін айқындап берді.</p>

Қорытынды

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, әл-Фарабидің ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Яссауидің діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнидің кемелді ел болу жолдарын көрсеткен шығармалары, Мұхаммед Хайдар Дулатидің ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері мен тәлім-тәрбиелік тұжырымдары, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген ғылыми еңбектері, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерттеп, оны оқулық етіп бастыруы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы педагогиканың (халық педагогикасы мен педагогикалық ойлардың) яғни қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде негізделіп, пән ретінде оқу-тәрбие ісінде қолданылуы қазақ этнопедагогикасы ғылымының **болмысын айқындайды.**

Қазақ этнопедагогикасының практикалық негізі - ұлттық тәжірибе болса, оның жемісі ұлттық тәрбиеден көрінеді. Қандай тәрбие болса да, ол ұлттық тәрбие деп аталады. Өйткені тәрбие белгілі бір ұлттың тілінде жүргізіліп, ділінде қалыптасады.

Үй тапсырмасы

1. Ұлт мәдениетін зерттеудегі тарих, археология, этнография ғылымдарының рөлін анықтаңыз?
2. Ұлт мәдениетінің ауыз әдебиеті үлгілері мен мифтік көзқарастардан көрініс табуын айқындаңыз.
3. Қазақ этносының пайда болу тарихы. Ол жөніндегі түрлі көзқарастарды салыстырыңыз.
4. «Көшпенділер» киносын көру.
5. КІТАП.КZ «Абай жолы» аудиокітап

Пайдаланылған әдебиеттер

- ▶ 1.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. А; “Білім” 2004 ж.
- ▶ 2.Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. А; “Санат” 1995 ж.
- ▶ 3.Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. А; “Санат” 2001 ж.
- ▶ 4.Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. “Этнопедагогика” Астана. 2005 ж.
- ▶ 5.Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А; “Рауан” 1995 ж.
- ▶ 6.Жұмабаев.М. “Педагогика” А; “Ана тілі” 1992 ж.